

№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі бойынша

Бұйрық

Мәртөк с.

№ 139

01.09.2023 ж.

2023-2024 жылының басталуы,
ұзақтығы және каникул кезеңдері
туралы

**Ақтөбе облысы білім басқармасының 01.09.2023 жылғы №363 және
Мәртөк аудандық білім бөлімінің 01.09.2023 жылғы № 654
бұйрықтарына сәйкес**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте 2023-2024 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленсін.
2. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы болып белгіленсін.
3. Оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы каникул кезеңдері:
 - 1 – 11 сыныптарда күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан – 5 қараша аралығында);
 - қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында);
 - көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 – 31 наурыз аралығында);
 - 1 – сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 – 11 ақпан аралығында) бекітілсін.
4. **Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі бойынша орынбасарларына:**
 - Мектептегі оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары басшылыққа алынсын;
 - Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларды қоса алғанда) негізге алынсын;

- Оқу процесін ұйымдастыруда «2022 – 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хат басшылыққа алынсын.

- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда мектеп аумағында, ғимараттарда оқушылар мен барлық мектеп қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларына басты назар аударылсын.

- Оқу жылында пән мұғалімдері тарапынан тұрақты түрде үлгерімі төмен оқушылармен білімдеріндегі олқылықтарды толықтыру мақсатында жекелеген жұмыс түрлерін ұйымдастыру, ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмысты жоғары деңгейде ұйымдастыру және тұрақты бақылауда ұстау жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:




М.Ш.Жамаладинов

Бұрықпен таныстым:

 А.Ж.Жаксыгарина

 Г.К.Есентаева

 Иманалина Г. Т.

 Ж.М.Жакупова

 К.Ы.Зайнуллова